**№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасынының Қамқоршылық кеңес отырысының №3 хаттамасы**

25.04.2024 ж. Алға қаласы

**Қатысқандар:** Қамқоршылық кеңестің мүшелері
**Күн тәртібінде:**
1.Балалардың жазғы сауықтыруына дайындық туралы. Ойын учаскілерін қалыпқа келтіру (сырлау, жөндеу) көгалдандыру жұмыстарына бақылау жасау

**Тыңдалды:**
Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Д.К Кубесова сөз алып, көктем мезгілі жаңарту, көгерту мезгілі, сондықтан топта және балабақша ауласында гүлдер мен көшеттер отырғызу кезеңі екенін айтып өтті. Топтарды гүлдендіру үшін ата-аналарды тарту, балалардың эстетикалық жағынан әсемделген топтарда жүріп тұруы, олар үшінде жақсы екенін,сонымен бірге балабақша ауласын әр топ өз учаскілерін әсемдеулері, кішкене алаңдарға балалармен гүлдер отырғызып, оларға күтім жасау керектігін, топтар мен алаңдарға керекті құралдардың тізімін жасау керектігін айтты.
- Балабақша меңгерушісінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Л.Н.Кангужина сөз алып, ағымдағы жылдың жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру барысы жайында айты. Жөндеу жұмыстарына сырлу, актау сияқты жұмыстарын жүргізу екендігін, барлық топтармен жұмыс тұрмыстық техникалық заттарды пайдалану қауіпсіздік ережелерімен, тәрбиеші көмекшілерімен техникалық құралдар пайдаланғанда қауіпсіздік ережесін қатаң сақтау керектігі туралы таныстырылғанын айтты. Жаз маусымында балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықтармен таныстырды.
- Күн тәртібі сәттерінде бақылау жасауы тиіс. Ұйымдастырылған оқу қызметтері барысында қауіпсіздік техникасын сақтау, қауіпті материалдарды қолданбау , сонымен қатар балабақша аумағында, тыс жерлерде баланы көзден таса қылмау керектігін жеткізді. Нұсқаулықтары мен толық таныстырып өттіп, Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықты, орындау балабақша тәрбиешілерің міндетті болып саналатынын айтты.
Меңгеруші Д.К.Кубесова баланың балабақшада болған кезіндегі өмір қауіпсіздігіне жауапкершілікпен карауды тапсырды.
**Шешім:**
1. Техникалық құралдар пайдаланғанда қауіпсіздік ережесін қатаң сақталсын.
Балабақша қызметкерлері балалардың қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтарды қатаң сақтасын. Балабақша ауласы мен топтар көгертілсін. Көктем мезгіліне қарай балабақша ауласы тазалығы сақталсын.

Кеңес төрағасы Р.Кусаинов
Хатшы Г.Досова

**Балалардың жазғы сауықтыруына дайындық туралы. Ойын учаскілерін қалыпқа келтіру (сырлау, жөндеу) көгалдандыру жұмыстарына бақылау жасау**











